

ӘОЖ: 653.11.631.52.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДА ЖАЗДЫҚ БИДАЙ СОРТТАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СОРТСЫНАЛУЫ

Г. Х. Шектыбаева, а.-ш. ғылымдарының кандидаты
Д. К. Тулегенова, а.-ш. ғылымдарының кандидаты, доцент
Д. А. Кдиршаева, магистрант

Жәнір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Бұл мақалада жаздық бидайдың экологиялық сортсынаудан өткен нәтижелері келтірілген. Құнды шаруашылық белгілері мен биологиялық қасиеттерге ие нөмірлер берілген. Жоғары өнімді жаңа бидай сорттарын алу және өндіріске ендіру, сапалы бидай сорттарына сәйкес келетін қалыпты орта жағдайларына төзімді, жоғары сапалы сорттар жөнінде сұрақтар қарастырылған.

В данной статье приводятся результаты экологического сортоиспытания яровой пшеницы. Выделены ряд номеров, обладающие хозяйственно-ценными признаками и биологическими свойствами. Рассмотрены вопросы получения и внедрения в производство новых высокоурожайных, устойчивых к стрессовым условиям среды высококачественных сортов.

The data of allocated numbers possessing economic-valuable attributes and biological properties is given in the article. Ecological grade testing of grain crops directed on creation and introduction in manufacture of new high-yielding, resistant to stressful conditions of environment and with high quality of grain is considered.

Батыс Қазақстан облысы Қазақстан Республикасының батыс бөлігінде орналасқан және алты облыспен шектеседі: оңтүстік-батысында Ресей Федерациясының Астрахань облысымен, батысында Волгоград және Саратов облысымен, солтүстігінде Орынбор облысымен, шығысында Қазақстанның Ақтөбе облысымен, оңтүстігінде Атырау облысымен. Саратов және Орынбор облыстарының шекаралары тоғысқан жерге Ресейдің Самара облысының аумағы жалғасып жатыр [1, 2].

«Орал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖСШ-сында 2007-2009 жылдардан бері қарай В. Р. Вильямс атындағы Қазақ егін шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, А. И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу орталығы, Н. М. Тулайков атындағы Самара ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, Оңтүстік-Шығыс ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, Ақтөбе, Қарабалық және Орал ауыл шаруашылығы тәжірибелік станцияларының жаздық бидай селекциясының 400-ге жуық номерлерінің маңызды құнды шаруашылық белгілері мен биологиялық қасиеттері зерттелген [3, 4].

Қазақстан мен Ресей ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу мекемелерінің бірлескен жұмыс бағыттарының бірі-сорттармен линиялармен алмасу, оларды зерттеу. Батыс Қазақстан облысының географиялық жағдайы егін шаруашылығын қауіпті жағдайда жүргізуді қалыптастырады, бұл жақта қуаңшылық 10 жылда 3-4 рет қайталанып тұрады. Біршама қолайлы жылдар саналған 2006-2008 жылдардан кейінгі 2009 және 2010 жылдардағы қатты қуаңшылықтар Батыс Қазақстан облысының шаруашылықтарын күрделі жағдайда қалдырды (1-кесте).

Ауыл шаруашылық ғылымдары

Агрономия

1-Кесте – 2007-2009 жылдар аралығында жаздық бидайдың даму кезеңіндегі жауын-шашынның бөлінуі мен ауаның орташа температурасы

Жылдар	Көрсеткіштер	Кезеңдері				Вегетация кезеңінде барлық түскені
		егу-көктеу	көктеу-түптену	түптену-масақтану	масақтану-жетілу	
2007	Жауын-шашын, мм	0,6	4,9	111,8	5,2	122,5
	Ауа температурасы, °С	19,6	18,7	22,8	23,3	21,1
2008	Жауын-шашын, мм	14,5	25,1	14,4	70,5	124,5
	Ауа температурасы, °С	14,3	18,5	20,8	22,3	20,8
2009	Жауын-шашын, мм	12,8	6,0	0,8	21,7	41,3
	Ауа температурасы, °С	14,0	16,9	24,4	23,1	21,5

Орал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясында ағымдық жылдағы экологиялық сорт сынауларда Оңтүстік-Шығыс ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының селекциялық сорттары озық шыққан. Өнімділігі стандарттың орташа мәнімен (6,2 ц/га) салыстырғанда 6,3-9,5 ц/га шамасында болған (2-кесте).

2-Кесте – 2009 жылғы дән өнімділігі мен дән сапасының кейбір элементтері

№	Сорт	Өнімділігі, ц/га	Стандарттан ауытқуы, ± ц/га	1000 дәннің салмағы, г	Шынылығы, %	Көлемдік салмағы, г/л	Електен қалғаны 2,5×2,0 2,2×2,0 г
1	Саратовская 42, ст.	6,2		28,1	92	784	75
2	Лютесценс С-2064/с66	9,5	3,3	285	98	745	68
3	С-73/грекум С-2101	9,5	3,3	317	90	773	89
4	Лютесценс-199/с-38	9,5	3,0	294	97	780	88
5	Лютесценс 765	9,2	3,0	276	91	786	76
6	Альбидум С-2148	8,8	2,6	313	98	797	88
7	Лютесценс 27 20/91	8,7	2,5	257	94	775	74
8	С-68 (Альбидум С-2093 х Альбидум С- 70	8,6	2,4	271	62	766	88
9	14/94-1	8,1	1,9	244	96	791	82
10	Саратовская 66 х Новосибирская 67	8,0	1,8	267	78		75
	ЕКЕА ₀₅		1,0				

Көпжылдық зерттеулер нәтижесі бойынша 1,0-2,9 ц/га құраған нақты қосымша өнім 7 сорттан: оның 4-уі Самара ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты жаздық бидай селекциясы, екеуі – А. И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу орталығы, біреуі – В. Р. Вильямс атындағы Қазақ егін шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтынан алынған. Бұл сорттардың барлығы орташа пісетіндерге жатады, табиғи түрде тозанды қара күйеге ұрынған бірде-бір сабақ жоқ деуге болады, сабақтағы жасырын зиянкестердің зақымдауына төзімді (3-кесте).

3-Кесте – 2007-2009 зерттеу жылдарындағы жаздық бидайдың өнімділігі

Нөмірлері	Тегі	Жылдар бойынша өнімділігі, ц/га			Орташа
		2007	2008	2009	
Саратовская 42, ст.		14,6	13,8	6,2	11,5
Лютесценс 516	Самара АШҒЗИ	17,4	18,0	7,7	14,4
Лютесценс 537	Самара АШҒЗИ	17,0	17,9	6,3	13,7
Ясар х Жигулевская	А.И. Бараева ат. АШҒЗИ	14,8	17,3	7,5	13,2
200/87-757-349	А.И. Бараева ат. АШҒЗИ	16,8	16,0	6,4	13,1
Лютесценс 485	Самара АШҒЗИ	16,2	16,1	6,8	13,0
Эстивум 454	Самара АШҒЗИ	14,3	17,9	6,5	12,9
Лютесценс 5-13-86	В.Р. Вильямс ат. ҚазЕШҒЗИ	15,3	15,3	7,0	12,5

EKEA ₀₅					1,1
--------------------	--	--	--	--	-----

Селекциялық жұмыста белгілер мен экологиялық байланыстарды зерттеудің маңызы зор, өйткені олар қажетті сорттарды іріктеу мен жасақтауда қолданылуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шектібаева, Г. Х. Батыс Қазақстандағы жаздық бидайдың сорттық үлгілерінің селекциялық белгілері мен қасиеттерінің ерекшеліктері : автореф. дис. ... канд. с.-х. наук / Г. Х. Шектібаева. – 2005. – 3-4 бет.
2. Макарова, Г. С. Жаздық бидайдың аурулары мен зиянкестеріне қарсы тұра алатын жоғары сапалы, жоғары өнімді сорттарын алудағы селекцияның негізгі бағыттары / Г. С. Макарова, Г. Х. Шектібаева. // Жаршы. – № 5. – 2004. – 187 б.
3. Шектібаева, Г. Х. Результаты экологического сортоиспытания зерновых культур / Г. Х. Шектібаева, Г. С. Макарова, В. Б. Лиманская // Сб. докл. межд. научн.-практ. конф., посвященной 90-летию со дня образования УСХОС. – Уральск. – 2004.
4. Шектібаева, Г. Х. Орал өңірінің қуаң далалы аймағында экологиялық сорт сынау танабындағы жаздық бидай сорттарының өнімділігі / Г. Х. Шектібаева. // Жаршы. – № 7. – 2010. – 6-7 бет.

ӨОЖ: 633.11.631.52.

ОРАЛ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТӘЖІРИБЕ СТАНЦИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТҰҚЫМ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖҮЙЕСІ

Г. Х. Шектыбаева, а.-ш. ғылымдарының кандидаты
Д. К. Тулегенова, а.-ш. ғылымдарының кандидаты, доцент
Д. А. Кдиршаева, магистрант

Жәңір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Батыс Қазақстан облысында дәнді дақылдардың алғашқы және элиталық тұқым шаруашылығымен Орал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы айналысады. Мақалада дәнді дақылдармен жүргізілетін алғашқы тұқымшаруашылығына ерекше мән берудің қажеттілігіне тоқталған. Сәйкесінше Батыс Қазақстан облысы бойынша әр түрлі дәнді дақылдар тұқымдарын өсіруге байланысты мәліметтер салыстырыла ұсынылған.

В Западно-Казахстанской области первичное и элитное семеноводство зерновых культур ведет ТОО «Уральская сельскохозяйственная опытная станция». В статье рассматривается вопрос о важности проведения первичного семеноводства. Дается сравнительная оценка выращивания семян зерновых культур.

The question on importance of carrying out of primary seed-growing is considered in the article and performance of plan manufacture and cultivation of seeds of grain crops in WKO is given.

Дән өндірісінің табысты өркендеуі көбінесе селекция мен тұқым шаруашылығының дамуына байланысты. Республикамыздағы метеорологиялық жағынан ең күрделі аймақтарының бірі болып саналатын Батыс Қазақстан аймағында дәнді дақылдардың өсуі мен дамуын шектеуші факторлар қатарына ылғалдың жетіспеушілігі, құрғақшылықтың белең алуы, ауа райының суытуы, топырақтың сортаңдануы, қара шіріктің азаюы жатады [1, 2].

Батыс Қазақстан облысының географиялық жағдайы егін шаруашылығын қауіпті жағдайда жүргізуді қалыптастырды, себебі бұл аймақта қуаңшылық 10 жылда 3-4 рет қайталанып тұрады. Біршама қолайлы жылдар саналған 2006-2008 жылдардан кейінгі 2009